Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1276 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына , "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес әрі материалдық және моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 5 500 000 (бес миллион бес жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 19 желтоқсандағы
N 1276 қаулысына қосымша

## Азаматтық істер бойынша орындалуға тиіс сот шешімдерінің тізбесі

| Р/с N | Сот органының атауы мен шешімнің күні | Талапкердің Т.А.Ә. | Мемлекеттік бажды шегерген. дегі сома (теңге) | Мемлекеттік баж (теңге) |
|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Алматы облысы Текелі қалалық сотының 2002 ж. 21.06. шешімі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003 ж. 02.09. қаулысы | Мұзаффар А.К. | 1 500 000 | |
| 2 | Алматы облысы Текелі қалалық сотының 2002 ж. 30.10. шешімі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003 ж. 10.07. қаулысы | Есжанов Т.Қ. | 1 500 000 | - |
| 3 | Алматы облысы Текелі қалалық сотының 2002 ж. 05.12. шешімі. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2003 ж. 02.09. қаулысы | Серкенова А.Ж. | 1 500 000 | - |
| 4 | Ақтөбе қаласы сотының 2000 ж. 21.11. сырттай шешімі | Мусина М.Ж. | 1 500 000 | - |
| Жиыны | | | 5 500 000 | |
| Жалпы сомасы | | | 5 500 000 | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК